

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің

2022-2023 оқу жылындағы

«Информатика әлемі» үйірмесінің жылдық

Есебі

2022-2023 оқу жылының I тоқсанында «Информатика әлемі» үйірмесінің жоспары құрылып, бекітілді. Жалпы үйірмеге 24 оқушы қабылданып, оқушылардың құжаттары мен ата-аналардан үйірмеге қатынасу туралы анықтама алынды. Үйірмеге 4-8 сынып оқушылары қабылданып, оқушылардың сынып ерекшеліктеріне қарай жоспар құрылып, оқушылардың медициналық тексеруден өткендігі туралы анықтамалары алынды.

Жалпы сағат саны 308, дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері оқушылар үйірмеге шақырылды. Жалпы жоспарға сай оқушыларға компьютердің техникалық қауіпсіздігімен таныстырылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

Атап айтар болсақ 4 сыныпқа жоспарға сай кіріспе жұмысында ақпараттар, компьютерлердің құрылғылары, файлдар мен бумалар сонымен қатар программалар терезесі туралы түсіндірілсе, ғаламтор туралы және де презентация, презентацияны безендіру туралы сабақтар жүргізілді.

Үйірме жұмысын сәйкес 5-6 сынып оқушыларына да толықтай үйірме сабақтары жүргізілді. Атап айтар болсақ 5-6 сынып оқушыларына «Ақпарат және ақпараттық үрдістер» оның ішінде Информатика ақпарат, оның түрлері және оларды өңдеу және ақпарат санын есептеу туралы сабақтар беріліп оқытылды. Компьютер туралы сағаттың ішінде жүйелік блоктың құрылғылары, монитор, тышқан компьютердің қосымша құрылғылары туралы жете оқытыла отырып, графикалық және мәтіндік редакторлар туралы да ақпараттар беріліп оқытылды. Соның ішінде суреттің үзінділерін ерекшелеу, маштаптау, қарапайым мәтін құру тағы сол сияқты жұмыстар жүргізіліп, практикалық жұмыстар жүргізілді.

7-8 сынып оқушыларына да толықтай жоспар құрылып, үйірме сабақтары жүргізілді.

Атап айтар болсақ кіріспе сабағында ақпараттар яғни « Ақпараттың өлшем бірлігі » , «Компьютердің негізгі құрылғыларының міндеттері мен мүмкіндіктері » , және әр түрлі форматтағы файлдардың архивтерін құру және архивтен шығару туралы сонымен қатар «Графикалық және мәтіндік редакторлар» бөлімдерінде сабақтар беріліп , практикалық жұмыстар жүргізіліп отырды.

Үйірме жетекшісі : Тайбурин Д